

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 663 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 165 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 887 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 28.12.2016 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) № 887 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 663 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 23-24, 228-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік автомобильдердің тиістілік нормативінде:

реттік нөмірлері 1, 2 және 3-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

1		Премьер-Министр	1		3100
		Мемлекеттік хатшы	1		3100
2	Президент Әкімшілігі	Президент Әкімшілігінің Басшысы	1		3100
		Президент көмекшісі-Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы	1		3100
		Президенттің көмекшісі	1		3100
		Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы	1		2500
		Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары	1		2500
		Президент Кеңесінің бастығы	1		3100
		Президенттің Баспасөз хатшысы	1		3100
		Президенттің Протокол бастығы	1		3100
		Президенттің Парламенттегі өкілдігінің басшысы	1		2500
		Астана қаласында көліктік қызмет көрсету	16*****	1*****	2600
		Алматы қаласында	1**** *	6*****	2600

		Қонақтарға арналған		25	***
3	Президенттің Іс басқармасы	Президенттің Іс басқарушысы	1		3100
		Президенттің Іс басқарушысының орынбасары	1		2600
		Аппарат, ведомство басшысы	1		2600

”;

реттік нөмірі 4-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірлері 6, 7 және 8-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

”

6	Премьер-Министрдің Кеңесі	Премьер-Министрдің орынбасары	1		3100
		Премьер-Министр Кеңесінің Басшысы	1 *** ** ** *		3100
		Премьер-Министрдің Кеңесі Басшысының орынбасары	1 **** ****		2000
		Алматы қаласында көліктік қызмет көрсету	12	1	2600
		қонақтарға арналған		14	***
7	Конституциялық Кеңес	Төраға	1		3100
		Конституциялық Кеңес мүшелері	1	1	2000
		Конституциялық Кеңестің аппарат басшысы	1		2000
8	Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (оның ішінде Орталық сайлау комиссиясы)	Төраға	1		2600** ***** **
		Төрағаның орынбасары	1		2600
		Есеп комитетінің мүшелері	1		2000
		Орталық сайлау комиссиясының хатшысы мен мүшелері		5-не 2 бірлік	2600
		Есеп комитетінің аппарат басшысы	1		2000

”;

реттік нөмірі 12-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

--	--	--	--	--	--

12	Бас прокуратура	Бас прокурор, Бас әскери прокурор	1	2600*****
		Бас прокурордың, Бас әскери прокурордың орынбасары	1	2600
		Бас прокуратура жанындағы Комитет төрағасы	1	2000
		Бас прокуратура жанындағы Комитет төрағасының орынбасары	1	2000

".
,"

реттік нөмірі 15-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

15	Министрліктер мен агенттіктер	Министр	1	2600*****
		Агенттік төрағасы	1	2600
		Министрдің орынбасары	1	2600
		Агенттік төрағасының орынбасары	1	2600
		Жауапты хатшы	1	2600

".
,"

ескертпеде:

"***** хаттамалық іс-шараларды дайындауға байланысты қызметтің ерекшелігін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы үшін саны 3 бірлік кезекші автомобильдердің тиістілік нормативі белгіленсін" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"***** хаттамалық іс-шараларды дайындауға байланысты қызметтің ерекшелігін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы, Қазақстан Республикасының Парламенті палаталарының аппараттары үшін саны 3 бірліктен кезекші автомобильдердің тиістілік нормативі белгіленсін";

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"***** Есеп комитетінің төрағасы, Бас прокурор, Қаржы және Ауыл шаруашылығы министрлеріне көлік қызметін көрсететін автомобильдер үшін көліктің 1 бірлігіне айына 3100 км-ден аспайтын жүру лимиттері белгіленсін.".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С.Ахметов